

**"Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамына жер учаскелеріне қауымдық сервитутты белгілеу туралы**

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 27 маусымдағы № 1718 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 шілдеде № 7965 болып тіркелді.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамына коммуналдық, инженерлік, электр және басқа да желілер мен тораптарды жүргізу мен пайдалану мақсатында, объектілер бойынша Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы бойындағы жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін:

- 1) әкімшілік - тұрмыстық кешенінің газ реттеу пункті мен газ құбыры;
- 2) әкімшілік - тұрмыстық кешенінің су құбыры;
- 3) әкімшілік - тұрмыстық кешенінің кәріз жүйесі;
- 4) әкімшілік - тұрмыстық кешенінің жоғары қуатты кабельдік.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 10.08.2020 № 1136 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;
- 3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК